

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 13 қыркүйек N 1117.
Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.05.23. N 874 қаулысымен. ~P970874

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жекелеген мәселелері"
туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N
1812 қаулысына P951812_ сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы
е т е д і :

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы қоса беріліп

отырған Ереже бекітілсін.

2.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ күшін жойды - ҚРҰ-нің 1996.12.27. N 1653
қаулысымен.

P961653_

3. Қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы
Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 13 қыркүйектегі

N 1117 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы

Е Р Е Ж Е

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (Қазақстан Республикасының Қаржымині) Қазақстан Республикасының біртұтас мемлекеттік қаржы саясатын әзірлеуді және жүзеге асыруды үйлестіруші және бақылаушы орталық атқарушы орган болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мемлекеттік қаржыларға басшылықты жүзеге асырады, мемлекеттік бюджет-салық саясаты мен салық салу жүйесін жетілдірудің экономикалық негіздемесін әзірлеуге қатысады, бюджеттік қаражаттар жұмсаудың басым бағыттары мен сырттан қарыз алу көлемін айқындайды, мемлекеттің ішкі және сыртқы қарызын басқарады, мемлекеттік және жергілікті қазына қаражаттарының мақсатты және тиімді пайдаланылуына қаржылық бақылауды ұйымдастырады, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асырады.

3. Министрліктің құрамына кіретін ведомстволар мен олардың аумақтық бөлімшелері, әкімдер аппараттарының қаржы басқармалары (бөлімдері), арнаулы экономикалық аймақтардың әкімшілік кеңестерінің қаржыларын басқару органдары, сондай-ақ министрліктің орталық аппаратының департаменттері, дербес басқармалары мен бөлімдері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің біртұтас жүйесін құрайды және республикалық бюджеттің қаражаттары есебінен ұсталады.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламенті мен Үкіметінің актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңды тұлға болып табылады, банкте шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, өзінің атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі мен бланкілері бар.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің негізгі міндеттері мен қызметтері

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің біртұтас мемлекеттік қаржы саясатын жүзеге асыру жөніндегі негізгі міндеттері: әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік қаржыларды басқару; мемлекеттің кірістері мен шығыстарын экономикалық негізделген

жоспарлаудың негізінде алдағы қаржылық жылға арналған республикалық бюджеттің жобасын жасау;

макрэкономикалық көрсеткіштер мен мемлекеттің ақша-кредит саясатының негізінде қысқа және орта мерзімдік келешекке арналған республиканың кірістері мен шығыстары жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

басым бағыттар бойынша шетел капиталын пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу;

қаржы-валюта және бюджеттік-қаржылық жоспарлау мен реттеу әдістерін жетілдіру;

барлық меншік нысандары мен қызмет түрлеріндегі заңды тұлғалардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың мемлекеттік қаржы тәртібін сақтауын бақылауды ұйымдастыру болып табылады.

7. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай негізгі қызметтерді атқарады:

мемлекеттің индикативтік жоспарларының, жиынтық қаржы балансының жобаларын әзірлеуге, республиканың экономикалық ведомстволарымен өзара іс-қимылда ақша айналысын нығайту және ұлттық валютаны тұрақтандыру жөнінде шаралар белгілеуге қатысады;

мемлекеттің қаржы ресурстарын басқаруға қатысады және бюджеттік шығыстардың ұтымдылығы жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

экономиканы қаржылық сауықтыру, бюджет тапшылығы мен мемлекеттің ішкі және сыртқы қарызын қысқарту жөнінде шаралар әзірлеуге қатысады және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізеді;

Қазақстан Республикасының Үкіметіне әкімшілік-аумақтық бірліктердің бюджеттерімен өзара қарым-қатынастарды айқындау жөнінде ұсыныстар енгізеді ;

халықаралық қаржы ұйымдарымен, қаржы мәселелері бойынша басқа мемлекеттермен келісімдер әзірлеу және жасасу жөнінде өзара іс-қимыл және ынтымақтастық ұйымдастырады;

қаржы нарықтары инфрақұрылымының институттарын қалыптастыру мен олардың қызметін реттеу жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

қаржы заңдарының қолданылу практикасын жинақтап қорытады, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді, өзінің құзыретіне жататын заң, нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысады;

шет елдерде жұмыс істейтіндерді қосқандағы барлық меншік нысандары мен қызмет түрлеріндегі заңды тұлғалардың қаржы-шаруашылық қызметінде заңдардың сақталуын бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

басқа да мемлекеттік органдармен бірлесіп мемлекеттің мүдделерін, оның меншігіне қол сұғудан қорғайды.

8. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мемлекеттің біртұтас қаржы-бюджет саясатын жүзеге асыру жөнінде мынадай қызметтерді атқарады:

әлеуметтік-экономикалық дамуды қаржыландыру жөніндегі көздерді болжамдауға және мемлекеттің индикативтік қаржы жоспарын әзірлеуге қ а т ы с а д ы ;

республикалық бюджеттің жасалуы мен атқарылуын және жергілікті бюджеттермен және бюджеттен тыс мемлекеттік қорлармен өзара қарым-қатынастардың реттелуін ұйымдастырады;

мақсатты кешендік бағдарламаларды қаржыландыру тәртібін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен бірлесе отырып, салық және кеден саясатын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеп, оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді;

мемлекеттік және азаматтардың қаржы мүдделеріне қорғалуын ұйымдастырады ;

мемлекеттік борыш міндеттемелерін шығаруды, орналастыруды және өтеуді жүзеге асырады, жергілікті займдар шығарудың шарттарын тіркейді, мемлекеттің ішкі қарыздарының есебін жүргізеді, мемлекеттік бағалы қағаздарды тіркейді, мемлекеттік ақшалай-заттай лотереялардың ұтыс тираждарының өткізілуі мен өтелуін ұйымдастырады, республикалық лотереялар өткізудің шарттарын а й қ ы н д а й д ы ;

бастапқы саудаластықта және қайталама ішкі нарықта бағалы металдармен операциялар жүргізеді, сондай-ақ бағалы металдар мен асыл тастардың үкіметтік резервінің есебін жүргізеді;

банктер акцияларының мемлекеттік пакетін басқарады;

республикалық және жергілікті бюджеттердің, сондай-ақ бюджеттен тыс қорлардың қаражаттары есебінен жүзеге асырылатын әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық объектілер мен тұрғын үй құрылысы жөнінде ұсыныстар әзірлеуге қ а т ы с а д ы ;

институционалдық реформалар саласындағы мемлекеттік саясатты айқындауға, мемлекет иелігінен алу, жекешелендіру және монополиялық қызметті шектеу бағдарламаларын әзірлеуге қатысады;

бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдардың құрылымын жақсарту жөнінде ұсыныстар әзірлеуге қатысады, оларды ұстауға бөлінетін бюджеттік қаражаттардың үнемді және мақсатты жұмсалуын бақылауды жүзеге асырады; еңбекке ақы төлеу жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуге қатысады;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі жүйесінің ұйымдары мен мекемелеріне мамандар қажеттігін айқындайды және оларды мамандармен

камтамасыз етеді, мамандар даярлау мен олардың біліктілігін көтеруді ұйымдастырады, кадрларды іріктеп, орналастыруды жүзеге асырады; заңдарға, нормативтік және құқықтық актілерге сәйкес біртұтас қаржы-бюджет саясатын жүргізу жөніндегі басқа да қызметтерді, сондай-ақ министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің тікелей міндеттерін туындайтын және оның құзыретіне жататын қызметтерді жүзеге асырады.

9. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мемлекеттің сыртқы экономикалық қызмет саласындағы қаржы-бюджет саясатын жүзеге асыру жөнінде мынадай қызметтерді атқарады:

республиканың экономикалық ведомстволарымен бірлесе отырып мемлекеттің сыртқы экономикалық қызметінің негізгі бағыттарын тұжырымдауға, жиынтық валюталық жоспардың (төлем балансының) жобасын, министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың, ұйымдардың және жергілікті атқарушы органдардың валюталық жоспарларын, Қазақстанның шет елдермен есеп айырысуы жөніндегі валюталық түсімдер мен төлемдердің жоспарын әзірлеуге қатысады;

сыртқы экономикалық байланыстардың, экспорт пен импорт құрылымының валюталық тиімділігін арттыру, шет елдермен сыртқы экономикалық байланыстарды болжамдау, халықаралық шарттар мен келісімдердің жобаларын қаржы тұрғысынан негіздеу, қосымша валюталық түсімдерді анықтау және жұмылдыру, шетелдік валютаны ұтымды пайдалану мен үнемдеу жөнінде, қажетті валюта және тауарлық резервтер жасау жөнінде шаралар өткізуге қатысады;

экономикалық ведомстволармен бірлесе отырып, шетелдік инвестициялар мен кредиттерді тарту мен пайдалану саласында және республикаға кез келген өзге де нысанда экономикалық және қаржылық көмек көрсетуде мемлекеттік саясатты айқындауға, сондай-ақ республика үшін экономикалық, техникалық және қаржылық көмектің қажеттігі туралы айқындауға және ол туралы халықаралық ұйымдарды, донор-елдерді хабардар етуге қатысады;

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен және Ұлттық банкімен бірлесе отырып мемлекеттің сыртқы қарызының лимитіне талдау жасайды және оны айқындайды, сондай-ақ шетелдік валютамен алынған кредиттер үшін есеп айырысудың тәртібін жасайды;

Қазақстан Республикасының дамуына Ресми көмек шеңберінде берілген бағдарламалық және жобалық займдарды тарту, пайдалану, мониторингі мен есептеу саласындағы үйлестіруді жүзеге асырады;

халықаралық тендерлер (конкурстар) өткізеді және мемлекет кепілдігіне алынған займдар мен кредиттер шеңберінде тауарлар мен қызметтер сатып алу жөніндегі қызметті үйлестіреді;

сыртқы экономикалық қызмет және валюталық реттеу саласында заңдарға сәйкес басқа да қызметтерді, сондай-ақ министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің тікелей міндеттерінен туындайтын және оның құзыретіне жататын қызметтерді жүзеге асырады.

10. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қаржы-валюталық бақылауды жүзеге асыруға қатысты мынадай қызметтерді орындайды:

валюталық қаражаттың толық түсуіне бақылау ұйымдастырады, экспорттық валюталық түсімді жасырып қалған адамдарға заңдарда белгіленген санкцияларды қолданады;

мемлекеттік меншік нысанындағы бюджеттік мекемелер мен ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметіне, олардағы ақша қаражаты мен тауарлық материалдық құндылықтардың сақталуына дүркін-дүркін тексерістер мен тексерулер, мемлекет мүдделеріне қатысты басқа да қаржы мәселелері жөнінде тақырыптық тексерулер жүргізеді;

тексерістер мен тексерулердің материалдарын қорыту негізінде мемлекеттік қаражатты, валюталық қаражатты қоса, ұтымды пайдалану, кәсіпорындардың, ұйымдардың және өзге де заңды тұлғалардың мемлекетпен арадағы қаржы қатынастарын, есеп жүргізудің әдіснамасы мен қаржы бақылауының ұйымдастырылуын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

қаржы-валюта бақылау саласында заңдарға сәйкес басқа да қызметтерді, сондай-ақ министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің тікелей міндеттерінен туындайтын және оның құзыретіне жататын басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құқықтары

11. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне мемлекеттік қаржы-бюджет саясатын жүзеге асыру жөнінде жүктелген қызметтерді жүзеге асыру үшін министрліктің;

барлық заңды тұлғалардан бухгалтерлік баланстар және салық салу құрамы мен объектілері туралы басқа материалдар, сыртқы займдар жөніндегі келісімдер туралы ақпарат, бюджет жобаларын жасау, оның атқарылуын ұйымдастыру, мемлекет алдындағы қаржы міндеттемелерінің орындалуына және мемлекеттік қаржы тәртібінің сақталуына қаржы-валюта бақылауды жүзеге асыруға, сондай-ақ министрлікке және оның құрамына енетін ведомстволарға жүктелген басқа да қызметтерді орындау үшін қажетті статистикалық және өзге де материалдар алуға;

мемлекеттік бюджеттен тыс қорларға қаражаттың келіп түсуіне қолданылып

жүрген заңдарда айқындалған тәртіппен бақылау жасауды жүзеге асыруға;
республикалық және жергілікті бюджеттердің кассалық атқару тәртібін
айқындау және жергілікті бюджеттердің уақытша кассалық алшақтықтарын
ж а б у ғ а н е с и е б е р у ғ е ;

ұйымдар бюджет қаражаттарын заңсыз және мақсатсыз жұмсаған жағдайда,
сондай-ақ жұмсалған қаражаттар туралы есеп бермеген кезде қаражатты даусыз
тәртіппен бюджетке өндіріп алу (қайтарып алу), оларды республикалық
бюджеттен қаржыландыруды шектеуге немесе тоқтата тұруға;

министрліктің құзыреті шегінде, қолданылып жүрген заңдар негізінде және
оны орындау үшін меншік нысандарына, қызмет түрлеріне және ведомстволық
бағыныстылығына қарамастан барлық ұйымдардың орындауы үшін міндетті
болып табылатын нормативтік актілер, сондай-ақ қаржы-бюджеттік жоспарлау
мен қаржыландыру, салықтар мен бюджетке төленетін міндетті төлемдерді
есептеу мен өндіріп алу, республикалық және жергілікті бюджеттің атқарылуы
жөнінде есеп жүргізу және есептілік тәртібі, мемлекеттік бағалы қағаздар
шығару және олардың айналыста болу тәртібі мәселелері бойынша нұсқаулықтар
, бұйрықтар мен нұсқамалар шығаруға құқықтары бар.

12. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің қаржы-валюта
бақылауды жүзеге асыру жөнінде Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігінің мынадай құқықтары бар:

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес тексерістер мен тексерулер жүргізу,
сондай-ақ санкциялар қолдану;

бюджет, валюта-қаржы заңдарының бұзылуын жою туралы барлық
тұлғалардың орындауы үшін міндетті нұсқаулар беру;

бюджеттік және валюталық-қаржылық реттеу мәселелері бойынша
қолданылып жүрген заңдарға қайшы келетін ведомстволық актілердің қолданылу
к ү ш і н т о қ т а т а тұру.

13. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің сыртқы экономикалық
қызметті реттеу жөнінде мынадай құқықтары бар:

шетелдік займдар мен кредиттерді пайдаланған займ алушылардан алынған
қаржылардың мақсатты пайдаланылуы туралы есептер, сондай-ақ мемлекет
кепілдігіне берілген шетелдік кредиттер мен займдар есебінен сатып алынған
тауар-материалдық құндылықтар мен технологиялардың пайдаланылуы туралы
есептер с ұ р а т у және алу;

мемлекет алатын сыртқы займдар туралы келісімдерге Қазақстан
Республикасы Үкіметінің тапсыруы бойынша Қазақстан Республикасының
атынан мемлекет алған сыртқы займдар туралы келісімдерге қол қою және
қолданылып жүрген заңдарға сәйкес сыртқы займдарға мемлекет кепілдігін беру;

министрліктерден, мемлекеттік комитеттерден және өзге де орталық атқарушы органдар мен ұйымдардан қаржы және техникалық көмек қаражаттарын игерудің барысы туралы есептемелер алу;

министрліктің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен өзге де орталық атқарушы органдардың жұмысына әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асырып, оны үйлестіру.

14. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі өзіне бағынысты ұйымдарды құру, қайта құру және тарату мәселелерін белгіленген тәртіппен шешуге, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдармен келісім бойынша қаржы жүйесінің жергілікті органдарын қайта құруды жүзеге асыруға құқылы.

15. Қаржы министрі осы Ережені орындау үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінің міндеттері мен өкілдіктерін а й қ ы н д а й д ы .

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қызметін ұйымдастыру

16. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігін Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындап, қызметтен босататын Министр басқарады.

Министрдің орынбасарларын, оның құрамына кіретін ведомстволардың басшыларын қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен Министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайды (босатады) . Министрдің орынбасарлары арасындағы міндеттерді бөлісуді Министр ж ү р г і з е д і .

17. Мемлекеттік қаржы саясатын жүзеге асыру жөніндегі міндеттерді шешу және қызметтерді жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінде құрамында: министр (алқа төрағасы), министрдің орынбасарлары , министрліктің құрамына кіретін ведомстволардың басшылары (лауазымы бойынша), сондай-ақ министрліктің басқа да басшы қызметкерлері бар алқа құрылады. Алқа мүшелерінің санын Республиканың Үкіметі, ал алқаның адам құрамын - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі бекітеді.

Алқаның шешімдері Министрдің бұйрықтарымен жүзеге асырылады. Алқаның мүшелері арасында дауыс тең болған жағдайда шешімді алқа төрағасы қ а б ы л д а й д ы .

Қаржы министрі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелеріне және оның аумақтық органдарына нұсқаулар береді және олардың орындалуына бақылау жасауды ұйымдастырады.

18. Мемлекеттік қаржы саясатын жүргізу жөніндегі қызметтерді жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің құрамына келісім бойынша министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, басқа да мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерін, сондай-ақ жекелеген ғалымдар мен мамандарды енгізе отырып, әдістемелік (әдіснамалық) кеңестер, тұрақты қызмет істейтін және уақытша жұмыс топтарын құруға құқықтары бар.

19. Бас салық инспекциясы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Қазынашылық, Қаржы-валюта бақылау комитеті және Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет туралы Ережелерді Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Министрліктердің орталық аппараты департаменттері, дербес басқармалары мен бөлімдері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық бөлімшелері туралы Ережені Қаржы министрі бекітеді.

Министр Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген адам саны мен еңбекке ақы төлеу қоры шегінде министрліктің орталық аппаратының және оның құрамына кіретін ведомстволардың штат кестесін бекітеді.

20. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаржы-экономикалық қызметін насихаттау, қаржы, бюджет, салық және кредит саласындағы кадрлардың теориялық және практикалық дағдыларын арттыру үшін, сондай-ақ қаржы-құқық мәселелері жөніндегі консультациялық-әдістемелік және анықтамалық әдебиетпен қамтамасыз ету және оларды басып шығару үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің баспа органы мен полиграфиялық базасы
б о л а д ы .

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің
1996 жылғы 13 қыркүйектегі
N 1117 қаулысына
Қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған
кейбір шешімдерінің
Т І З Б Е С І

1. "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 8 желтоқсандағы N 1225 P931225_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 47, 576-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 6 ақпандағы N 115 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне енгізілетін өзгертулер мен толықтырулардың 24-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 5, 62-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерін өзгерту және күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 9 маусымдағы N 809 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің өзгертулер енгізілетін шешімдерінің 5-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 20, 233-құжат).

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу және кейбіреулерінің күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 1 тамыздағы N 1058 қаулысының 1-тармағы .